

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

30.09.2024 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс: Үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде

1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бақылау.
2. Педагогтердің оқу процесін ұйымдастыру деңгейін бақылау
3. Біліктілік санатын өсіру үшін өтініш берген аттестатталушы мұғалімдер даярлығының деңгейі

Тыңдалды:

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі М.Рахметова:

Қосымша білім беру орталығы - оқушыға негізгі тәрбие ордасы болып есептеледі. Сол себепті үйірме жетекшілері негізгі өз міндеттерін айқындап іске асырып отыруы тиіс. Яғни, оқушыларға үйірменің оқу бағдарламаларын игертуге, күнделікті сабақты жоспарлауға, сабақты жоғары, ғылыми, идеялық деңгейде жүргізуге, күнделікті үйірме сабақтарына оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қыркүйек айында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау барысында үйірме мүшелеріміздің бір жүйеге қалыптасып, сабақтарды меңгеріп қалғандықтары көрінді және үйірме жетекшілеріне балалардың шығармашылығын арттыру тапсырылды. Сол кезде әр үйірмеге қатысушы балаға жан-жақты тәрбие беріліп, негізгі дағдылар қалыптасатындығы аталды.

Үйірме жетекшілерінің оқу процесін ұйымдастыру жұмыстарын бақылай отырып, әр топқа алдағы мереке күндеріне, биылғы атаулы күндерге сәйкес ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Үшінші мәселеде 2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын өсіру үшін өтініш беремін деген мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жасалып, қажетті құжаттар түсіндірілді.

Қаулы:

1. Үйірме сабақтарының үнемі жоғары деңгейде жүргізілуін, үйірме жетекшілерінің әдістемелік құралдарының жинақталуын қадағалап отыру әдіскер Н.Еримбетоваға тапсырылсын.
2. Ішкі жұмыс жоспарларын қадағалап отыру орталық меңгерушісіне жүктелсін.

Жиналыс хатшысы:



Н.Еримбетова